

Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөнінде облыстық комиссия құру туралы

Күші жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 69 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 01 маусымда N 1648 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 04 маусымдағы N 118 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2007.06.04 N 118 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия туралы" 2003 жылғы 11 маусымдағы N 554 қаулысын орындау мақсатында облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы е т е д і :

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөнінде облыстық комиссия құрылсын (N 1 қосымша) және оның құрамы бекітілсін (N 2 қ о с ы м ш а) .

2. Таратылған облыстық төтенше эпидемияға қарсы комиссияның міндеттері төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі облыстық к о м и с с и я ғ а б е р і л с і н .

3. Аудандар мен Талдықорған, Қапшағай, Текелі қалаларының әкімдері бір ай мерзім ішінде төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі аудандық және қалалық комиссиялар құрсын, оларды басқаруды өздерінің орынбасарларына жүктей отырып, таратылған аудандық және қалалық төтенше эпидемияға қарсы комиссиялардың міндеттерін соларға тапсырсын. Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі мамандардың жұмыс істейтін лауазымдары есебінен аудандық және қалалық комиссиялардың төрағалары орынбасарларының, хатшыларының штаттық б і р л і к т е р і н е с к е р с і н .

4. Осы қаулының орындалу барысына бақылау облыс Әкімінің бірінші орынбасары В.А.Долженковқа жүктелсін.

О б л ы с ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы В. Долженков

Облыс әкімінің қаулысына
N 1 қосымша

29 сәуір 2004 ж.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі облыстық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі облыстық комиссия (одан ары Комиссия) үйлестіруші орган болып табылады және төтенше жағдайлардың, авариялардың, апаттары мен табиғи зілзалалардың алдын алу және зардаптарын жою саласында біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу мақсатында құрылған.

2. Комиссияның басты міндеттері мыналар:

- төтенше жағдайлардың, авариялардың, апаттардың және табиғи зілзалалардың алдын алу және зардаптарын жою саласында біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу;

- жергілікті атқарушы органдардың олардың құзырына жатқызылатын мәселелер бойынша заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілер жобаларына арналған ұсыныстарды жасау жөніндегі қызметін, сондай-ақ аталған құжаттар жобаларын белгілеген тәртіпте қарауды және Төтенше жағдайлардың алдын алу мен зардаптарын жою жөнінде ведомствоаралық мемлекеттік комиссияға беруді үйлестіреді;

- қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және халықты төтенше жағдайлардан, авариялардан, апаттар мен табиғи зілзалалардан қорғауға бағытталған экономикалық, ұйымдық-техникалық және өзге де шаралар жүйелерін қалыптастыру жөнінде облыс әкіміне ұсыныстар дайындайды;

- жұқпалы аурулар эпидемияларының және адамдардың жаппай улануының, жануарлар эпизоотияларының және өсімдіктер ауруларының алдын алуға, шектеуге және жоюға, облыстың шекаралары мен аумағын аса қауіпті және карантинді жұқпалардың орын алуы мен тарауына санитарлық күзет қоюға бағытталған төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі аудандық және қалалық комиссиялардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, меншіктің барлық түріндегі ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

- эпидемияға қарсы және эпизоотияға қарсы шараларды жүргізуге байланысты карантинді-шектеу шараларын енгізеді және алып тастайды;

- аурулардың таралуын болдырмау және осы құбылыстардың зардаптарын жою үшін айрықша қауіпті жұқпалы аурулар ошақтарына мамандандырылған медициналық құрамаларды, басқармалар мен ведомстволардың шұғыл топтарын жіберу жөніндегі денсаулық сақтау органдарының іс-қимылын үйлестіреді;

- қауіпті жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу жөніндегі халықты медициналық және ветеринариялық-санитариялық жағынан сауаттандыру үшін

бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану жөнінде денсаулық сақтау және ветеринария органдарының іс-қимылын үйлестіреді;

- адамдар мен жануарларды орналастыруға енгізілген шектеулерді сақтауға бақылау жасайды, жүктерді аурулар ошағынан сыртқа шығарады, басқа да каратинді шараларды орындауды жүзеге асырады;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жоюдың күштері мен жабдықтарын жасау және дамыту саласында біртұтас техникалық саясат жүргізеді;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою кезіндегі облыстық жүйенің іс-қимылының негізгі бағыттарын жетілдіру мен одан әрі дамын белгілейді;

- төтенше жағдайлардың алдын алуға, облыстың халқы мен аумағын төтенше жағдайлардан қорғауға және осы бағдарламаларды орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге бағытталған облыстық мақсатты бағдарламалар жасауды ұйымдастырады;

- авариялар, апаттар, табиғи және өзге де зілзалалар нәтижесінде зардап шеккен азаматтарды, сондай-ақ төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғау, медициналық сауықтыру мәселелері бойынша басқармалардың, комитеттердің, бөлімдердің, жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою саласында облысаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын белгілейді.

3. Комиссияның төмендегідей құқықтары бар:

- өз құзыреті шеңберінде төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою саласында басқармалардың, комитеттердің, бөлімдердің, жергілікті атқарушы органдардың, меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын жетілдіруге қажетті шешімдерді қабылдайды;

- белгілеген тәртіпте облыс әкіміне комиссияның құзырына жататын мәселелер бойынша қаулылардың, шешімдердің және өкімдердің жобаларын ұсынады;

- басқармалардан, комитеттерден, бөлімдерден, жергілікті атқарушы органдардан, меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардан олардың қызметі туралы Комиссияның жұмысына қажетті ақпарат сұратып алады;

- басқармалардың, комитеттердің, бөлімдердің, жергілікті атқарушы органдардың, меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою, соның ішінде бюджеттен бағдарламалық шараларға бөлінген қаражаттарды жұмсауға бақылау мәселелері бойынша мақсатты бағдарламаларды орындауына бақылауды жүзеге асырады;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою мақсатында белгіленген тәртіпте олардың ведомствоаралық қатыстылығына қарамастан көлік құралдарын, материалдық-техникалық, медициналық және азық-түліктік ресурстар мен қорларды тартады;

- Комиссиялардың мүшелерін хабардар ету, шұғыл жинау және төтенше жағдайлар аудандарына дереу шығу, алдын алу шараларын жүргізу үшін кезекшілікке арналған басқармалардың, комитеттердің, бөлімдердің, жергілікті атқарушы органдардың, меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың автокөліктерін кестеге сәйкес жұмылдырады;

- меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мамандары мен техникалық қызметкерлерін төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою мәселелері бойынша талдау, сараптау және басқа жұмыстар жүргізу үшін жұмылдырады.

4. Комиссияның жұмысын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді облыс әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық және жалпы бөлімдері жүзеге асырады.

5. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Комиссияның төрағасы болып табылады.

6. Комиссия өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Комиссияның мәжілісі қажеттігіне қарай, бірақ әр тоқсанда бір рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттамамен рәсімделеді.

Облыс әкімінің шешімін талап ететін мәселелер бойынша Комиссия белгілеген тәртіпте тиісті ұсыныстар енгізеді.

7. Комиссия қабылдаған шешімдер оның құзырына сәйкес барлық облыстық басқармалардың, комитеттердің, бөлімдердің, ТЖ жөніндегі аудандық және қалалық комиссиялардың, сондай-ақ меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың міндетті түрде орындауына жатады.

Облыс әкімі

аппаратының басшысы Н. Сүлейменов

Облыс әкімінің қаулысына
N 2 қосымша
29 сәуір 2004 ж.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі облыстық комиссияның құрамы

1.	Долженков Виктор Анатольевич	- облыс Әкімінің бірінші орынбасары-төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі Комиссияның төрағасы

2.	Работягов Владимир Николаевич	- төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқарманың бастығы- Комиссия төрағасының орынбасары
3.	Дүрімбетов Еркін Ермекұлы	- облыстық мемсанэпидбақылау басқармасының бастығы-комиссия төрағасының орынбасары
4.	Нұрлыбаев Асхат Жексембайұлы	- төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқарманың Талдықорғанаймақтық орталығының бас маманы-Комиссияның хатшысы
Комиссия мүшелері		
5.	Абдраимов Ғалымжан Райылұлы	-«"Мемсәулетқұрылысынспекциясы басқарма бастығы
6.	Ағментаев Серікбай Айтышұлы	-«"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы ЖАҚ-ы филиалының бастығы (келісім бойынша)
7.	Айтуғанов Нұрмұханбет Сәрсенбекұлы	- ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің облыстық аумақтық басқармасының бастығы
8.	Балтабеков Жолтай Балтабекұлы	- облыстық ауылшаруашылық департаментінің бастығы
9.	Бөлекбаева Нұрилла Декенқызы	- облыстық еңбек, жұмысқа орналастыру және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы
10.	Виноходов Вадим Николаевич	-«"Қазселденқорғау" ММ бастығы ның орынбасары (келісім бойынша)
11.	Дандыбаев Тимур Тұрарұлы	- Алматы аймақтық гарнизонының әскери полициясы отрядының бастығы (келісім бойынша)
12.	Данаев Дәурен Төлегенұлы	- облыстық мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасының бастығы
13.	Досқараев Жеңісбек	- облыстық орман және биоресурстар жөніндегі басқарманың бастығы
14.	Дүйсекеев Аманкелді Дүйсекеұлы	- облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы
15.	Дүйсенбеков Нұрмұханбетұлы	Жанат - облыстық аймақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасының бастығы
16.	Жәйсенбекова Күлімхан Жәйшібекқызы	- облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы
17.	Жанғабылов Серік Кенжебайұлы	- СПИД-ке қарсы облыстық орталықтың бас дәрігері
18.	Жандарбеков Рыскелді Үділхайұлы	- Алматы облысы бойынша Кеден басқармасының бастығы (келісім бойынша)

19.

Ж у ч к о в
Виктор Дмитриевич

		бас аймақтық штабының бастығы (келісім бойынша)
20.	И з е н б а е в Әкежан Дүкенұлы	- облыстық жол және коммуналды шаруашылық басқармасының бастығы
21.	Қ а з а н ғ а п о в Алмаз Ниязбекұлы	-«Қараталмұнай" ЖШС бас директоры
22.	Қ а с ы м о в Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы	- облыстық ішкі істер басқармасының бастығы
23.	К ө п б а е в Тұрсын Көбенбекұлы	- облыстық коммуналдық мемлекеттік«Көлік департаментіңкәсіпорны бастығының міндетін атқарушы
24.	Н о ғ а й б а е в Сәбит Қанапияұлы	- Алматы облысы бойынша ҰҚКД бастығының бірінші орынбасары
25.	М ә ү к е б а е в Темір Рамазанұлы	- облыстық әскери комиссар
26.	М е й р е м б а е в Ж е к с е н б а й Арғынғазыұлы	- телекоммуникацияның облыстық дирекциясының бас директоры
27.	М е р е н к о в Владимир Петрович	- автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешенқұрылысы басқармасының бастығы
28.	М ұ х а м е д о в Эдуард Кенжебайұлы	- Балқаш-Алакөл алаптық су шаруашылығы басқармасының бастығы
29.	Н и м и л о с т е в Петр Прокофьевич	- ҚІІБ жол полициясы басқармасының бастығы
30.	Р я б и н А н а т о л и й Николаевич	-«Алматыауылқұрылысы АӨҚК бас директоры
31.	С а п о ж н и к о в Валерий Иванович	- Талдықорған обаға қарсы стансасының бастығы
32.	С ат қ а л и е в Әбдіғалиұлы	Молдағали - облыстық қаржы басқармасының бастығы
33.	Т о й б а е в Асқар Ендібайұлы	- көлікті бақылау басқармасының бастығы
34.	Т ұ р а ш е в Қазбек Қалмұхамедұлы	- облыстық судан құтқару қызметінің бастығы
35.	Н ұ р д а у л е т о в Моряк Нұрдаuletұлы	- облыс прокурорының орынбасары
36.	Т ұ я к о в Шілбінұлы	Жеңіс -«"ТАТЭК" ААҚ бас директоры
37.	Ш о р м а қ о в А м а н ж о л Мұхамеджанұлы	- облыстық күрделі құрылыс басқармасының бастығы
38.	Ш о й ы н б е к о в Төлеген Уәлиұлы	- облыстық сауда және қызметтер көрсету саласы басқармасының бастығы

аппаратының басшысы

О б л ы с ә к і м і
Н. Сүлейменов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ